

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Аннотация. Бұл жұмыста функционалдық сауаттылық тақырыбына тоқталып, оның ішінде функционалдық сауаттылықтың бір түрі оқу сауаттылығын бастауыш оқушыларының бойынша қалыптастыру қадамдары мен жолдары баяндалады. Оқу сауаттылығын қалыптастырудың ауызша жолдары жазылады. Атап айтсақ, суретпен, сюжетті суреттермен, диалог, мәтінмен жұмыс жасау жолдары сипатталады. Оқу сауаттылығын бастауыш сыныпта қалыптастырудың маңыздылығымен қорытындыланады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, мәтінмен жұмыс, қалыптастыру, ауызша жұмыс түрлері.

Әлемдегі өзгерістер оқыту мен тәрбиелеудің жаңа параметрлерін белгіледі. Білім беру мақсаттарын, нәтижелерін, оқытудың дәстүрлі әдістерін, қол жеткізген нәтижелерді бағалау жүйелерін түбегейлі қайта қарауды талап етті. ХХІ ғасырда оқушыға не қажет керек деген сұраққа, жиі функционалды сауаттылық қажет деген жауап аламыз. Функционалдық сауаттылыққа атақты психолог және лингвист А.А.Леонтьев мынадай анықтама береді: функционалды сауаттылық – адамның өмірінде жинақтаған қабілеттерін өмірлік мәселелерді шешуде қолдана алу қабілеті. Ал оқушының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – алған білім, білік, дағдыларын шынайы өмірде қолдана алуы. [1] Қазақстандық оқушылардың халықаралық PISA бағдарламасы бойынша соңғы жылдардағы нәтижелері оң динамика көрсетуде. Функционалдық сауаттылық көрсеткіштері салыстырмалы түрде жоғарлаған. Бұл - елімізде функционалдық сауаттылық жолында жасалып жатқан жұмыстардың нәтижесі. [2] Жалпы алғанда функционалдық сауаттылықтың төмендегідей түрлері бар:

- Оқу сауаттылығы;
- Математикалық сауаттылық;
- Жаратылыстану – ғылыми сауаттылық;
- Қаржылық сауаттылық;
- Шығармашылық ойлау;
- Жаһандық құзыреттілік.

Соның ішінде оқу сауаттылығы маңызды орынға ие. Бұл – адамның жазылған мәтінді түсіну және оны мақсатына жету үшін қолдану, ой толғау қабілеті. Оқығанын түсінуде қиыналатын оқушының үлгерімі де төмен болатыны белгілі себебі, ауызша және жазбаша ақпарат кез келген тапсырманың негізі. Сондықтан оқу сауаттылығын пәнаралық дағды деп қарастырып, оны барлық пәндерде қалыптастыруды жолға қойған дұрыс. Дегенмен де оқу сауаттылығы тіл мен әдебиет білім беру саласындағы пәндерді оқыту барысында қалыптасады. Тіл және әдебиет білім беру саласындағы пәндер ретін әліппе, қазақ тілі әдебиеттік оқу пәндерін қарастыруға болады. Аталған пәндерде оқу сауаттылығын арттыру және дамыту мәтінмен жұмыс жасау барысында жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын арттырудың бірінші қадамы суретпен, аудио, видео материалдармен жұмыс болмақ. Мысалы, суреттің мазмұны бойынша нақты ақпарат беру мақсатында сөйлем құрастыру. Оқушылардың ойларын нақтылау үшін мұғалім нақтылау, бағыттау сұрақтарын қоюына болады. Оқушы суреттегі ақпаратты көріп, ой қорытып, жүйелі бір сөйлеммен жеткізуге қалыптасады. Сөйлемнің дұрыс құрылымына назар аударған жөн. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігін ескеріп, тірек өздер ұсынуға да болады. Оқушы ауызша дұрыс құрастыра алған жағдайда ғана өз ойын дұрыс жаза не айта алады. [3]

Екінші қадам сюжеттік суреттермен жұмыс жасау болып табылады. Оқушы оқиға желісін анықтау, жүйеге келтіру арқылы ақпаратты қабылдайды, ойлайды, ойымен бөлеседі. Сюжетті суреттер алғашқыда ретімен берілсе, кейін ретсіз орналастырып ұсынса, оқушы өзі анықтап үйренеді. Соңғы суретті жасырып беру, ақпаратты саралай алуға үйретеді. Бірінші және екінші қадамдармен әліппе кезеңінде белсенді жұмыс жасалады. Яғни, бұл қадамдар оқу дағдысы қалыптаспаған кезеңде жасалуы тиіс. Суретпен, графикалық, сюжетті құралдарды пайдалану оқушыда түсіну, реттілігін анықтау дағдыларын қалыптастырады.

Тақырыптық диалог құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру оқу сауаттылығын ауызша арттырудың бір тәсілі болып табылады. Ауызша жұмыстың артықшылығы – тыңдау қабілеттерін көмегін тигізеді.

Оқу дағдысы қалыптасқан оқушылармен оқу сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс үшінші кадам болып табылады. Алдымен оқушы мәтінді механикалық түрде оқиды. Сөздердің мағынасын толық түсінбей, мақсаты тек оқып шығу болады. Мазмұнын түсіну - бірте-бірте қалыптасатын дағды. Оқушыларға берілетін мәтін көлемі және мазмұндылығы жас ерекшеліктеріне сай алынады. Мәтінде айтылатын мәселе оқушығада алғашқыда таныс болған дұрыс. Танымдық-ғылыми мәтіндер оқу сауаттылығы айтарлықтай қалыптасқан оқушыларға беріледі. [4] Оқу дағдысы қалыптасқан оқушылардың оқу сауаттылығын бағытталған жұмыстардың бірнешеуіне тоқталып өтсем:

- Мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап беру;
- Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастыру
- Мәтіннен негізгі ақпараттарды анықтау
- Мәтіннің тақырыбын анықтау
- Мәтіннің негізгі идеясын анықтау
- Мәтіннен түртіп алу
- Мәтіндегі кейіпкерлерге мінездеме беру, сипаттау, іс-әрекетіне баға беру.
- Мәтіннің мазмұны бойынша өз ойын, көзқарасын айту. Ойын дәлелдеу.

Мәтіннің мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру жұмысы бастауыш сыныпта жиі жүргізілуі тиіс. Оқушы нақты сұраққа мәтіннен жауап іздейді. Алғашқыда жеңіл, мәтінде нақты жауабы бар сұрақтар ұсынылса, кейінірек сұрақтар күрделеніп, мәтінде нақты жауабы жоқ, ойлануды, талдауды талап ететін сұрақтар беріледі. Сұрақты оқушылар өздері де құрастыра алады.

Мәтіннен табу – тапсырма грамматикаға қатысты да, қатысты емес болуы мүмкін. Алғашқыда сөз, сөз тіркесін табу ұсынуға болады. Белгілі бір ережелерге байланысты қосымшаларды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді табу оқу сауаттылығын арттыруға итермелейді. Әдебиеттен мәтіннен көркемдегіш құралдарды табу жұмыстары да жүргізіледі.

Мәтіннің негізгі ойын, идеясын анықтау – оқушы берілген мәтіннің негізгі идеясын, ойын анықтап үйренеді. Мәтіннің мазмұнынан негізгі тәрбиелік мәнді табады. Мәтіннің мазмұнына қатысты өз көзқарасын білдіру жұмысы оқушыға өз ойын ортаға салуға көмектеседі. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беру, кейіпкерлерге кеңес беру немесе мәтіннің соңын болжау оқу сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беретін әдістер. Оқушы кейіпкерлердің сезімін, ойын, түйсігін анықтауды үйренеді. Оқыған мәтінді шынайы өмірмен байланыстыруға дағдыландыру мақсатында арнайы сұрақтар арқылы ой тастау да оқушының мәтінді мұқият оқуына түрткі болады. Өз ойын жеткізуге дәлел келтіру, өз ойының дұрыстығына дәлелдей алуда мәтіннен не өмірден мысал келтіруге қалыптасады. [5]

Оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс бастауыш сынып оқушыларының мәтінді түсініп оқу дағдысының қалыптастыруға, түсінгеніне анализ жасау алуға, өз ойын, эмоциясын нақты көрсете білуге, қиялының дамуына, оқығанының мазмұнын түсіндіре алуға, аналитикалық ойлау қабілетінің дамуына, шешім қабылдау алуға үйретеді. Оқу сауаттылығын арттыру оқушыға тек білімі мен дүниетанымын кеңейтуге көмектеспейді, сонымен қатар оқушының бойынша адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілікке тәрбиелеп, күрделі әрі түсініксіз жағдайларда жол таба алу қабілеттерін қалыптастырады.

#### Әдебиеттер:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. TIMSS және PISA халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағын әзірлеу. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2016 – 126б
3. Бастауыш сыныптарда оқушылардың мәтінді оқу мен түсіну сапасын зерттеу. Р.Қ.Есімханова Білім. 2016ж.-17б
4. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылық дамыту. Жалпы білім беретін 5-7 сынып оқушыларына арналған оқу-әдістемелік құралы. Г.К.Синбаева, З.Н.Ауғанбаева. 2020ж – 6б
5. Оқу сауаттылығы: оқу құралы.Р.Т.Наралиева. Алматы – 2020ж – 112б